

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарын күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 19-1/248 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 21-1-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің мынадай:

1) Қазақстан Республикасында арнайы су пайдалануға рұқсат беруге арналған өтініште көрсетілген мәліметтерді бекіту туралы 2011 жылғы 15 наурыздағы № 14-1/113 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6870 тіркелген, 2011 жылғы 11 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде № 152 (26573) жарияланған):

2) «Арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш нысанын бекіту туралы» 2011 жылғы 12 қыркүйектегі № 14-1/513 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7228 тіркелген, 2011 жылғы 29 қазанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 346-347 (26737-26738) жарияланған) бұйрықтарының күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж о л д а с ы н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

А.Мамытбеков